



84/5193
A 80

Женіс АРОНОВ

Россия и нефть



Женіс АРОНОВ

ДОССОР ТҮЛЕКТЕРІ



АРЫС
Алматы
2005

ББК 84 Каз 7

А 80

А 80. Аронов Ж. Доссор тұлектері. — Алматы, "Арыс" баспасы, 2005. - 304 бет. + 24 бет түрлі-түсті суретті жапсырма.

ISBN 9965-17-209-9

Кітаптың өн **бойындағы** ой-өрімдер **мұнайлы** өлке — Доссор, Ембі өндірі мен сол елдің **атақты** азаматтары туралы сыр шертеді. Үш тараудан **тұратын ғұмырнаманың** алғашқысы Доссордың тамырлы тарихын алға тартады. Екінші бөлімі айтуды азамат Р.Шырдабаевтың **өнегелі** өмір жолына арналып отыр. Ал үшінші бөлімде Шырдабаевтар өулетінің ел **тұқасын** ұстаған **ұрпақтары** жайлы ой толғайды.

Кітап **калың** оқырман **қауымға** арналған.

ББК 84 Каз 7

А 4702250204
00(05)-04

ISBN 9965-17-209-9

©Аронов Ж., "Арыс", 2005

ӨРКЕН ЖАЯР ӨНЕГЕ

1741 жылы 29 шілдеде Орынбор шекара комиссиясының тапсырмасымен жолда Адамата өзені бойында қыстап отырған Эбілқайыр ханға соғып, қарақалпақ арасына барып кайткан ағылшын саудагері Гок 1742 жылы 13 маусымда тапсырылған жолжазбасында аталмыш сапарында талай адамдардан Жем өзеніне жақын тұста жер астынан бұлак болып өзі шығып жаткан мұнай көзі бар екенін естігенін айтады. Оны Жем бойынан Атырау теңізі аркылы Астраханға тасуды армандайды.

Ағылшын саудагерінің бұл хабары алыс Еуропаға дейін жетіп, Атырау маңының мұнайы талайлардың көкейін тесе бастаса керек. Шетелдік іскерлер араға екі ғасырдай уақытғ салып, "Орал–Каспий", "Эмба", "Эмба–Каспий" және "Колхида" мұнай коғамдарын күрүп, іске кіріседі. Динамитті ойлат тапқан атакты өнертапкыш Альфред Нобель мен туыскандарының құрған қоғамы 1899 жылы Жем өзеніне жақын Қарашұңгіл казан шұқырынан мұнай табады. Шамасы, Гок жазып кеткен "бұлак" осы болса керек. Өйткені ол қарақалпақтар тұратын теріскей Хорезм мен ол кездे Эбілқайыр қыстап отырған Адамата өзені кіретін Букар хандығынан Астраханға ағылатын да жататын атакты сауда жолының бойында еді.

Ағайынды Нобельдердің ауыздары айырықша салымды екен. Олардың салған ушинші бүрғысы 1911 жылы 29 сәуірде Сағыз өзенінің аяғына таман маңнан Тұзсор қатқылынан тағы да мұнай көзін тапты. Ауызша деректерде ол әуелде Эбіш деген байдың жері екен. Ол өз-өзінен ағып шығып жаткан кара майды өрлі-берлі көшіп жүрген малшы ауылдарға шелектеп құйып беріп отырыпты деседі.

Лай судан балық аулаған ағылшындар бұл "киелі бұлакты" тоғыз тоқтышакқа сатып алыпты-мыс.

Не де болса, сөйтіп, казак даласынан алғашкы мұнай табылды. Бұрын төрт түлікті кайырмалап, ара-тура жер тырналап, тары егіп, балағын түріп, сукешіп, балық аулап

талашық айырған маңайдағы елге жаңа көсіп табылды. Сол жаңа талапка алғаш бой ұрып, бурын ата-баба көсіп Қылмаған іске бірінші болып тәуекел еткен Алдаковтар, Аманбаевтар, Ауысниязовтар, Әкімбаевтар, Балғымбаевтар, Бөлекбаевтар, Оразовтар, Өржановтар, Өтесіновтер, Сағынғалиевтар, Сарбөпиндер, Таңқыбаевтар, Телішевтер, Хисметовтер сынды тұтас әuletter мен Муканбет Есенов, Әлғазы Ілиясов, Сапар Қарымсақов, Сафи Өтебаев, Рахым Сағындыков сынды дара тұлғаларды Атырау, Маңғыстау халқы әліге дейін аңыз етіп отырады.

Сондай жаңа ырзық, көзін тауып, көсегесі көгерген өнегелі әuletterдің бірі — Шырдабаевтар үрпағы.

Ежелден Жем аяғын коныстанып, Арка мен Үстірт арасын ендей жайлап, әр заманда аңызға айналған Төремурат, Өтендей батыр, Қыз Данайдай азатышыл ару, айтыстарда ауыздыға дес бермеген Бала Ораз, Крспактардай азулы ақын, Кен Жылойда алғаш мешіт салып, Мекке барып, Қағба көрген қажы Қитарбайдайabyz, Орынборда Кадет корпусын бітіргенмен, өз кауымын дінге, өнерге, отырықшылық пен имандылықка баулыған Жиенбаев Кекілбай сынды білікті билер шығарған ілгері талап кауымның іргелеріндегі Қарашұңғілден табылып жаткан казынаның кыр-сырына калай болса, солай қарауы мүмкін емес еді. Жем мен Ойыл, Нарын мен Бүйректің талай жиын, талай асындағы белдесуде жамбасы жерге тиіп көрмеген Шырдабай палуанның жеті ұлының Ұлкені Жұмаш ауылда калып, шаруашылыққа баскөздік етсе, Жұмағазы ісмер, етікші, Теңізбай Көкжар мен Үйген базарынан кырдағы елдің керек-жарағын айыратын сауданы көсіп кылышты. Ал олардан кіші Баймолда 1913 жылы Қарашұңғілден өндірілген мунайды түйемен тасып, теңіз жағасына апарып өңдейтін Ракуша мунай өңдеу зауытына жұмысшы болып орналасады. Одан 1917 жылы Доссорға күбір жөндеуші болып ауысады. Оған еріп, Тымықбай, Шашпан, Тәжікара да Доссор кенті мен Ракуша зауытына келеді. Өндіріске келген төрт ағайындының талабы өрге басады. Ағылшындар үстемдігі тұсында жұмысшы козғалыстарына катыскан Баймолда, Тымықбай Шырдабаевтар кейін ел билігіне араласады. Ең бастысы, үлттық жұмысшы табының алғашкы өкілдері ретінде алғырлығымен, табандылығымен, елжандылығымен көзге түседі. Мунай өндірісіндегі алғашкы механиктердің бірі, күбір тар-

ту ісінің шеберіне айналған Баймолда әлеуметтік белсенділігімен де жаксы танылады. Сол ушін 1933 жылы зиянкестік топтарға катысы бар деген айппен түрмеге камалады. Алай да көп ұзамай жапкан жала теріске шығып, акталып шыгады. Нижний Новгородтағы "Красная Сормова" зауытында жаксы маман ретінде көзге түскен Баймолда кейін Қазақстанның мұнайшылары мен жұмысшыларының ең таңдаулы өкілі ретінде КСРО Орталық Атқару комитетінің мүшелігіне усынылады. Баймолданың жеделдес інісі Тымықбай да қабілеттілігін капысыз танытып, катардағы жұмысшыдан бұрынғы Гурьев облысының төрт ауданын баскарған ірі үйим дастыруши дәрежесіне дейін көтеріледі.

Бұндай еңбекпен келетін бак Шашпан мен Тәжіқараны да айналып өткен жок Шашпан өз кезіндегі ең ірі еki мемлекеттік марапатка ие болған атақты мұнайшы болды. Өндірісте озат еңбегімен, майданда ерен ерлігімен көзге түскен Тәжіқара да ұзак жыл мұнай саласында істеп, кейін жол шаруашылығын баскарды.

Сөйтіп, мұнайшылық қазактар үшін де тек нан тауып, күн көріс айырудан мерей асыратын абырайлы кәсіпке айналд. Бұған бір ғана әulet — Шырдабаевтар үрпағының тағдыры айқын айғақ бола алады. Бұл тұрасында осы әuletтің казіргі аксакалдарының бірі, халқымызға кеңінен танымал қоғам және мемлекет кайраткері Равиль Шырдабаевтың 1998 жылғы акпан айында халықаралық "Каспиан" журналына берген сұхбатындағы: "Атам Шырдабайдың, ішінде менің әке. де бар, төрт ұлы Ембі мұнай өндірісі ашылғаннан бастап, сонда жұмыс жасаған... Олардың бәрі де Қазақстанның мұнай өндірісінің калыптасуына өз үлестерін косты. Оны буқіл ел мойындейды... Менің ағам Тымықбайдың баласы Жасан әuletтіңде бірінші болып жоғары білім алған. Екіншісі Жұмағ атамыздың немересі Бакытжан болды. Ол Бакудың мұнай институтын бітірген. 1960—96 жылдар аралығында біздің әuletтен он адам мені коса есептегендеге, Мәскеудің Губкин атындағы мұнай химиялық және газ өндірісі институтын бітірген.

Ал 1965—97 жылдар аралығында 17 адам Қазақстанның, Башқұртстанның, Украинаның жоғары окуорындарын бітірі. мұнай және газ кен орындарын игеретін мамандықтар алып шығып, олардың бәрі де казіргі уақытта халық шаруашылығы

саласының әр түрлі өндірістерінде кызмет жасайды... Әuletімізде, Қазақстан тарихында ең бірінші Мунай және газ өнеркәсібі министрі, Зұлым докторы, 1 ғылым кандидаты шыккан. Қазіргі уақытта Шырдабайдың он шакты немересі мен шөберелері ең жоғары окуорындары мен шетелдерде мунай бизнесі, банк кызметі мен финанс және баска мамандықтар бойынша білім алып жатыр. Олар XXI ғасырда өздерінің аталары мен әкелерінің кызметін жалғастырып, қоғамдағы лайыкты орындарын тауып, тәуелсіз Қрзакстанның қалыптасуына өз үлестерін косатынына мен толық сенемін ", — деген сөзін келтірсек те жеткілікті.

Бұл кітап осынау өнегелі әuletten шыккан өрендердің ізденімпаздықка толы еңбек жолдарын егжей-текжейлі баяндайды. Сол аркылы казак жұмысшы табының, өндірістік-техникалық интеллигенциясының, қазіргі ғылыми-саяси элитаның қалыптасу тарихынан Қызығылты сырлар шертеді. Үлттық үрпағымыздың қолынан не келіп, не коятынына, табанды еңбек пен ыждағатты оқу-үйрену жолына түссе, қандай аскар асуларды да қиналмай ала алғындығына көзімізді жеткізе түскендей.

Бұл — казіргідегі заман өзгеріп, заң тозып, жол айырығында түрған қауыммыздың жас буынының көкірегіндегі сенімді, болашағына деген үмітті нығайта түсетін тағылымды ба-сылым. Бұгінгі Шырдабаевтар үрпағының тұтас өuletтік әдеби кейіптемесі жаппай жаңарыс пен жасампаздықка көше бастаған халкымыздың жарқын келешегін көзге елестеткендей. Өзара бауырмалдық пен жарастықты сактай отырып, жағалай жаңа үрдіске көшип, ізденіс пен іскерлік жолында жарыска тусу — әрбір қазақ шаңырағының бұдан былай мықтап үстанатын жол-жорасына айналғай.

Әбіш КЕКГЛБАЙУЛЫ,
Крзакстанның Халық жазушысы

I бөлім

ЕРЛІКТІ ЕҢШІЛЕГЕНДЕР

Доссордан басталған даңғыл

· Ерлік дегеніміз — бұл Доссор...
Улы Ембі үшін құресуде. Тенізшілер үшін Рио-де-Жа-
нейроның — дүние жүзіндегі ең көрікті Гавань болып
естілетіні сияқты улы Ембі деген сөз — Доссор, Макат,
Байшонас та солай естіледі.
(К.Г.Паустовский)



ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ ОТАНЫ

"Міне, осындаі құлатұз, құба жондар мен жағалай сортаң жерлерден өлдекалай мұнай табылды. Бұл май тұз қабатының тек үстінде ғана емес, астында да баршылық. Әзірge бергі беті игерілуде, тұптің түбінде терең қабаттарға үнілу де парыз. Осы бір кат-кабат шаруа, жеме-жемге келгенде ерлікке үласуда...", - деп жазыпты орыс жазушысы К.Паустовский.

Казак мұнайының алғашқы қарашаңырағы - Доссор. Мұнайлы өлкенің тарихын зерттеуші жергілікті журналшы-жазушы Айбосын Елеусінов: "...Қазақ жеріндегі мұнай көздерін тауып, оны әлемге әйгілеген бабаларымыз екеніне шұбә жоқ. Қазақ мұнайын қазақ тапқан. Ал жоғарыда аты аталған оқымыстылар, кәсіпкерлер, зерттеушілер мен игерушілер ғана", - дейді ("Ана тілі", 1999, 1 кыркүйек).

Жем бойындағы табиғаты қатал белес-белес белі бар сағымды сары далада үшқан құстың канаты талады. Сұрықсыз созылып жатқан тұзды көлдер кездеседі. Жануарлардың шыдамдысы түйе ғана, жаздың алтап ыстығы мен таңдайынды тамшы суға зар қылған шөлге де, қыстың күндіз-түні алтап соғатын кар аралас құмды боранына шыдап бағады. Содан сонғысы осы өнірде туып, тағдырын осы сұракайдаланың төсіне таңған жергілікті халық. Доссор мұнайы туралы дерек өте ерте кезден белгілі бола бастаған. Сордың жиегіне шығып жаткан жер майды жергілікті халық жаз жайлаудан келе жатканда малының ішіндегі арық-тұрықтың қотырына жағып, жазып альп отыrsa, алыс жолдан шаршап-шалдығып келе жаткан шаруаның арбасының дөңгелек күбішегіне жағып, қиуын келтірген. Атырау аймағынан, Маңғыстау түбегіне дейін аты жайылып, Бескаладан келетін жүкші керуенге, Қоқжардың базаршыларына мәлім бола бастады. Еділ-Жайық арасына, Жем бойына, Темір, Ойыл өніріне жер майдың аты жайыла береді. Алғашқы барлау жұмыстарын төрт өндірістік мұнай қоғамдары жүргізді.

"Орал-Каспий", "Эмба", "Эмба-Каспий" және "Колхид" мұнай қоғамдары құрылып, Доссордың тұнғыш мұнайы 1899 жылы Жем өзеніне таяу жерде, Қарашұнгілде шықты. Доссорда №3 скважинадан 1911 жылы 29 сөуірде (ескі жыл санауды бойынша) аса сапалы мұнай атқылады. Тәулігіне 25 тонна мұнай аткан жаңа кен орны дүние жүзінің мұнай алпауыттарынелен еткізді.

Содан бері бейнетқор Доссорды - Ембі, мұнай өнеркәсібінің, жұмысшы табының Отаны Доссорды - бүкіл елде мұнай өндірудің екінші әдісін бастаушы деп білеміз.

Доссор - айналмалы бұрғылау өдісін қолданудың отаны. Доссор мұнайын өндеусіз-ақ самолетке қоя сала үшуға болатыны дәлелденген.

Доссор мұнай өнеркәсібінде электрмен пісіруді (сварка) республика бойынша жүзеге асырған өлке.

Доссор - өзін қазак халқының тұлегіндегі сезінген Доссор кәсіпшілігінің дамуына үлкен еңбек сінірген, жазушы Сабыр Шеріповті, Яков Васильевич Лаврентьевті танытты.

Алғашқы мұнай инженерлері Мұкамбет Есенов, Әлғазы Илиясов, Сапар Карымсақов, Сафи Өтебаев, Рахымжан Сағындықов т.б. еңбегін елге таныткан елке -Доссор.

Жеті ағайынды Шырдабаевтар, ағайынды Ауысниязовтар, Алдақовтар, Әкімбаевтар, Аманбаевтар, Балғымбаевтар, Бөлекбаевтар, Оразовтар, Өржановтер, Өтесіновтар, Сағынғалиевтер, Сарбөпиндер, Таңқыбаевтар, Телішевтер, Хисметовтер, т.б. атадан балаға үласқан мұнайшылық көсіптің қыры мен сырыйнан кейін үрпакқа ұлағатты үлгі тұтарлық ардақты еңбек дәстүрін әңгімеледі міндетіміз санадық.

Откен ғасырдың алпысының жылдарынан бастап, мұнайшы-барлаушылар Манқыстаудың құлан жортпас құла дүзінен мұнай көзін ашып, әлемді елеңдетсе, жаңа ғасырдың басынан бастап, Теніз кенітті, Карапшығанақ пен Қашаған, Солтүстік Каспийдегі мұнай көздері өлем елдерінің көзайымына айналуда. Бұғінгі өрелі үрпактың еншісіне жазғаны, мұхиттың арғы жағынан келетін өркениетті елдің өрендерімен иық тіресе тұрыш еңбек ету, өнегелі де, өркенді үлттың сан қырлы қасиетін, кабілетін таныта білу. Мұнайшы Шырдабаевтар әuletі жөнінде бұрын баспасөзде жарияланған материалдарды авторлардың рұхсатын алыш, қосып отырмыз.

Әлі талай жазылар да жырланар, лайым елдің тыныштығы мен береке бірлігі болғай. Туған жер түлектерінің сырлы өуендерінен болашақ үрпак керегін тауыл алып, кажетіне жаратса, біздің алдымызға қоған мақсаттың орындалғаны деп сүйінерміз хак.

АЛЫПТАР АНАДАН ТУАДЫ

...Кең Жылой біздің елдің жайлаған жер,
Белдеуге көрторы атты байлаған жер.
Етегін аккейлектің дөңгелетіп,
Күрбымен таң атканша ойнаған жер.

Орынбор, Тұзтөбенің тұзын көрсөн,
Жылойдың таңғаларсың қызын көрсөн.
Атыңа түскен қайтып міне алмайсын,
Сұлудың судан қайтқан ізін көрсөн.

...Көрінген Гурьевтің мұнарасы,
Он бес пен он алтыда қыздың жасы.
Шашағын шарқатының киғаш салған,
Па, шіркін, мынау кімнің қарындасты!..
(Халық аңи)

...Әуелі анана, тағы да анана, тағы да анана, содан сон Отанына жақсылық жаса.

...Жұмак ананың табанының астында.

(Мухаммед пайғамбардың хадистері)

Шырдабай әүлетінің қазіргі көзі тірітерінің үлкені Дәріжан әжеміз аздаған құлагының тосаңы болмаса, болмысынан тын, сергектік байқалады. Біз Марзия апаймен бірге барғанымызда шебересін ойнатып отыр екен. Көзілдіріксіз калина ғылыми атып отырганын байқалық. Дәріжан әжеміз 94 жасқа шығыпты. Марзия апайдың таныстыруымен үзак әнгіме дартгос

— Атырау өңірінде туып, Ойыл, Кыл, Жем, Сағыз өзендерінің бойын еркін жайлап, Манғыстау ойпатына қысқыстаған елдің үланымыз, — деп бастаны сөзін әжеміз. — Мен 1926 жылдынаурыз айында Ойылтың аргы бетінде Кайнаңты Кола деген жерде отырганымызда 17 жасымда осы ачылға келин бол түстім. Біздің ауыл Теректі Бессайда, әкем Естек-Кете Мерғали Еспагамбетулы атактызгер, үстеболған. Куда тусип, отаулап, жасауымды бес нарга артып үзатты. Әкемнің едаеі ірі бай болған, үйрлі жылқы, табын-табын едаод келе-келе түйелері бергін келе

Осында жүйелі әңтімелерді айта отырып, ертеректе естіген естелікті есіне алды:

...Ертеде өмір сүрген Шопан атандың жалғыз ұлы дүниеден өтіпті. Бұрындары перзенті тұрақтамағандықтан катты налыған көрінеді. Елдегі көріпкел Жиembet есімді өулие адам арнайы іздеп келіп, көніл айткан екен дейді.

— Қазаның қайырын тілегейсін. Көп нальма. Алла тілегінді берер. Келіннің аяғы ауыр. Егіз үлды боласың. Бірі аскан өнерлі болады, оң жақ құлағының түбінде мені болуы керек. Екіншісі ғұмырлы болады. Түбінде өркенің өседі. Жапырағың жайылады. Өзіңнен өрген ұландарың ел-халқына қызмет қылар. Аманатыңды ардақ тұтар ұландарың болады. Еңсенді көтер, — деп көніл айтады.

Алланың өзі аузына салғандай, Шопанның бейбішесі босанып, дүниеге қос үл келіпті. Бірінің атын Алдонғар қойыпты, оң құлағының түбінде түймедей ғана мені бар көрінеді. Жасынан өнерлі бол өсіпті. Екіншісінің атын Шырдабай қойыпты. Дүниеге келген сәттен-ақ шырылдаған даусынан кіндік шешесі баландың атын Шырдабай болсын депті. Бұл шамамен 1861 жылдары болса керек. Келер жылы жазғы жайлауға көшіп келе жатып, Жиembet көріпкелдің ауыльшың ұстімен өтсе керек, арнайы сөлем бере барып, ризашылық сезімін білдіріп, ұстіне шапан жауып, астына ат мінгізген екен, — дейді.

Әжеміздің әңгімесіне құлак түре отырып, бұл ауылдың өзіндік салты мен дәстүрі, атадан балаға мирас болып қалыптасқан әдет-ғұрпы, төлімді тәрбиесінің барлығын аңғардық. Жем мен Ойыл, Маңғыстау өніріне данқы жайылған өнегелі ауыл болғанын танытты. Шопан ата да, оның өкесі Күмісбай бабасы да ел ішінде қадірі артқан, ағайынға сыйлы шежірелі адамдар болыпты. Байлық пен билікті катар үстанған. Имандағылқыты дәріптеп, дін жолын қуған, оқыған адамдар екен. Ертеде шежірелі аксакалы бар, өнегелі өрелі ауылдың тұсында меймандар үшін мен мұндалап алыстан көрінетін “каракшылы төбесі” болған немесе ұстіне ұзын сырғыққа адам тұлғалы қарақшы орнатылған “каракшылы түйе” жайылып жүретін болған. Конак қабылдай алатын ауылдың белгісі екен. Осында белгісі бар үлгілі ауылдың маңына “ұры тимейді, каскыр шаппайды”, - деген ырым бар.

Күмісбай ата ауылы осындаі белгісімен ерекшеленетінді. Ел ішіндегі қонақ болу мен қонақ күтудің дәстүрі осы ауылда да қалыптасқан. Ауыл иесінің әдеті бойынша ата дәстүрімен қонақ келсе "күт келді", "қырыктың бірі — Қызыр, мъщның бірі — Уөли" деп қуанып, ақысыз-пұлсыз қонақасысын беріп аттандырып отырған. Бұл дәстүр осы әuletтің бүгінгі үрпақтарына дейін жалғасын табуда. Сөз арасында Марзия апай: "Біздің Равильдер үйге бала келсе де, есіктің алдынан өзі қарсы алып, торге шығарып, өзінен жоғары отырғызады", — деді.

Өнегелі елдің сыйлы азаматы ретінде аталарымызды елжұрт қадірлейтін еді. Әңгімесіне үйшіп, барған жерлерінде халық жинала қалатын. Шежіреші ақсақалдың атальқ өңгімесі, бітімгершілік бәтуалы сөздері ел арасында күні кешеге дейін өнеге бол қалыптасуда.

Аталарымыздың тектілігін өзінің үрпағына дарытуға арналған ел ішіндегі ығымдар да қалыптасқан.

Конакка барған жерлерінде сыйлы болғаны сондай, дәстүрлі ырым бойынша аталарымыз қонақ болған жерде ақсақалдың үзенгісінен қадірлі заттарын өткізіп альп жүрген. Мысалы, жана туған күшігін, бүркітін, тұзу мылтығын үзенгіден өткізіп алатын болған. Үзенгіден өткен заттарға шежіре қарттың қасиеті дарьш, күшігі — сырттан, бүркіті — қыран, мылтығы — акберен болады деген түсінік қалыптасқан. Ата-аналар болашағынан үміт күткен баласын атамыз отырған жерге аунатып алатын. Ел ішінде күні бүгінге дейін осы әuletтің қасиеті мен қадірі жөнінде қалыптасқан ұғым мен түсініктің қайнар көзі осы деп топшылады.

Біз бірнеше жылдар бойы осы әuletтің белді азаматтары жөнінде мұрағаттық күжаттарды актарғанда да, көнекөз қарттармен, сыйлас-дәмдес, қызметтес болған ел-жұрттымен әңгімелескенімізде де ғасыр басындағы Жем өнірінде еңбек еткен Нобель компаниясының құрамындағы алғашқы мұнайшылар Жұмаш, Жұмағазы, Тымықбай, Тенізбай, Шашпан, Баймолда, Тәжігара сынды азаматтар туралы бірде-бір кияс әңгіме, теріс пікір ести алмадық. Еддің күрметі, жұрттың ілтираты мен төуір лебіздері ғана қалыптасканын анғардық.

Сөйтсек, оньщ да жөні бар екен. Бұның өзі қалыптасқан дәстүрлі төрбие. Үрпақтардың сабактастығы деген ұғым осылай өркен жайыпты.

Кіші жұздің бүкіл Таз руының ұрпағы сейсенбі күнін қасиет тұтады. Ол күні жаңа істі бастамайды, мал соймайды; жолға шықпайды, қонақ шақырып, қонаққа бармайды! Билік айтса ағайынға бұрмай, адал болуды өсиет еткен: Сейсенбі қанды күн деп есептеледі. "Кербаланың" шөлінде болған ұрыста жаулары Мұхаммед пайғамбардың жалғыз қызы Фатимадан туған бел жиені, хазіреті Ғалидың екінші ұлы Құсайынды желкесінен бауыздаپ өлтірген көрінеді. Соған байланысты мұсылман дінін қадірлейтіндер сейсенбіні қанды күн санаған, оны қатты күтеді. Діндөр, оқыған адамдар өсіп-өнген Таз руынан шыққан ақындар, оқымыстылар, қажылар, ишандар көп болған, халыққа қызмет еткенін білдік.

Дәріжан өжеміз сөз арасында Жұмағазының өлеңдерінің ойына тұскенін жатқа айтып отырды.

...Иманқара, Койқара,
Көруге биік дөңдерің.
Айыртаң менен Үдермен,
Үдере көшкен шөлдерің.
Китеke мен Дүйсеке,
Ақырып азан айттырған
Бұл да бір өткен пірлерім... —

деген жолдарды жазып алдық. Сөз арасында аталған адам аттары жөнінде сұрағанымызда, Китарбай атамыз кезінде діни оқыған, сауатты болған, қажыға барған. Өткен ғасырдың басында мешіт салған. Мешітте жеті ишан болған. Елдің балаларын оқытканыш айтты. Китарбайдың әкесі Жантемірден — Ақтау, Нұртау, Өтеш, Китарбай, Пішім. Ал бір шежіреде Жолшорадан — Ақтау, Нұртау, Қалпак. Қалпактан — Күмісбек, Күмісбектен — Шопан, Шопаннан — Шырдабай, Аддонғар туған. Сонда мешіт ұстаған Китеke (Китарбай) Шырдабайдың аталас туған ағайын адамы болған.

Китарбай осы әuletтің оқымыстысы әрі қасиетті адамы. Меккеден келе жатқан жолда тарантастың белтемірі сыннып кетіпті. Енді қайтеміз деп, күйзеліп тұрғанда қасиетті Китеkeң қасындағы жолсеріктеріне: “Аттарынды отқа жіберіп жая тұрындар, мен тұрған жаққа қарамаңдар, өзім дыбыстаймын”, — деген екен. Біраз уақыттан кейін дыбыстаған жаққа қараса, белтемірде төрт саусақтың табы бір-біріне жымдасып, жабысып қалыпты. Осы белтемірді

адам аяғы баспайтын, үйдің төбесіне сактаған дейді. Таз руның Ботақан атасынан шыққан Китекең мешітінің күні бүтінге дейін қасиеті сакталған, орны бар, ел-халқы әр түрлі аурудан сауығуына, қиналған сэтте демеуге септігін тигізетініне сенеді. Ел ішінде мұсылман дінінің салт-дәстүрін сактауға, халықты имандылыққа төрбиелеуге септігін тигізген. Сол дәстүр бүтінге дейін жалғасын табуда. Мұсылман дінінің салтын сактайды, сейсенбі күнін кадірлейді.

Китарбайдың мешіт салуына, бала оқытуына, Меккеге баруына көмектескен Жиенбаев Кекілбай кезінде Ордада Жөнгір мектебінде оқып білім алған, орысша-қазақша, арабша сауатты болған. Мақаш Бекмұхамбетовпен бірге Орынбордағы Неплюев атындағы кадет корпусын бітірген. Кекілбай 16 жасынан бастап Қаңбакты, Жаршық қалаларында өмірінің ақырына дейін болыс болған. Ел ішінде имандылықтың, салт-дәстүрдің сакталуына, үрпактың оқып, білім алуыгна қатты көніл бөлгөн, прогрессивтік-ағартушылық бағытта қызмет атқарған, дәулетті адам. Китарбайды Сағыз бойындағы нағашыларын сағалап жүрген жерінен, елге алдырып қоныстандырыш, мешіт салып бала оқытуға, қажыға баруына жөрдем берген екен.

Шежірелі ақсакал атанған Шопан атамыздан өрбіген Шырдабай мен Алдонғар жөнінде ел іттінде көнекөз кариялардың ұлағатты әңгімелері көп. Жасынан алқалы топта сөз бастаған шешен, елдің намысымен жоғын жоктаған көсем, бала жасынан белдескенде жауырыны жерге тимеген балуан болыпты. Эр рудың тойын бастаушы жыршы ақыны, дәулескер күйшісі, күреске түсер балуаны, билікке араласып дауды әділ шеше білетін жокшы биі болған. Ежелден қонған рулы елдің арасында жер дауы, жесір дауы, ауыл-елдің қолды болған мал дауы, барымта мен қарымтаның дауы кездеспей түрмаған. Осындай дау-жанжалдың артын жаастырып, ағайынның ара-жігін ашпастан, елді бітістіргені жөнінде: "Жер — казынаның басы, мал — байлықтың көзі, батыр — ел сақшысы, мал — бір жұттық, батыр — бір оқтық, жер — мәңгілік", — деп Шырдабайдың жас та болса билікке арасканы жайлы өңгімелер көп. Бұны біз ғасырға таяу уақығ ғұмыр кешкен, ел ішіндегі шежірелі өңгімелерді есіне сактаған Барқынбайұлы Төжен ақсакалдан естіп жазып алғанбыз.

Тәжен аксакал өзінің Қызылқоға жерінде Кермекаста туғанын, мешітте мұсылманша хат танығанын, кейін Ахмет Байтұрсыновтың өліппесімен оқығанын, Оралда екі жылдық мұғалімдік оқуды бітіргенін, ал өкесі молда, атасы қажыға барғанын айтты. Бала кезінде атасының аузынан естіген көп өнгімелер мен жырларын жатка айтты.

Шырдабай орта бойлыдан биқтеу, мығым денелі, жаурынды, салмакты, саликалы адам большты. Балуандығымен аты шыккан, бертін келе билікке араласкан. Ата дөстүрі бойынша әкенің мал-мұлкіне иелік еткен, байлық пен билікті берекелі үстап үйренген. Елге қадірлі, агайынға жұғымды, билікте де өділдігімен, агайынға бұра тартпайтындығымен дараланыпты.

Турашылдығымен, өділдігімен билік күрған Шырдабайдың шешендігін анғартар бүгінге жеткен нақыл сөздері мынадай:

Жаман жакыннан колыңдағы таяғың артық,

Сүйенсең – сүйенгеніңді көтереді, үрсаң – колың сүйінеді;

Жаман жакының қапталыңа еріп кара болмайды, артыңа еріп пана болмайды;

*Қадіріңді білмейтін жакыннан гөрі сенің қадір-
қасиетіңді жаксы білетін өштескен дүшпаның артық;*

*Халықалдында бір рет жүзі кара болған кісі, өмір бойы сол
жүзі кара күйінде өтеді, т.т.*

Енді Тәжен аксакалдың әңгімесінің желісіне тоқтала кеткенді жөн санадық.

Ертеде Мұқыр жерінде Таз руынан шығқан Жиембет болыс үш қызының үзатылар тойын бір күнде өткізіпті. Байұлы, Әлім, Жетіру елдеріне түгел хабар салып шақырады. Қашанда Кіпті жүздің кіндігі атанған Мұқыр, Сағыз, Ойыл бойындағы Көкжарды, болмаса Кең Жыльойды атайды.

Теңіз жағалауындағы Маңғыстау ойпатынан малын қыстаташ, жаз жайлауға шығар қалың Адай мен Таздың аяқ созар алқабы, жөрменкесі мен ағайын тоғысар жері болған соң да, көктем мен күзде іздегеніңді осы аймактан тауып, сурағаныңа осы жерден жолығады екенсін.

Тойға Кіші жүздің байы мен бегі, салы мен серісі, ақыны мен жыршысы, палуаны мен дөулескер күйшісі, небір сөйгүліктің бапкери болған атбейлері, құралайды көзден аткан сүр мергендері катысулы.

Жиембеттің үлкен қызының той бастары Адайдың айтулы ақыны Қашағанға, ортаншы қыздың тойбастары Таздың ақыны Бала Оразға, кіші қыздың той бастары Таздың ақыны Қоспақ ақынға жолданады. Жиембет Таздың Жапақ атасынан еді, жасында найза өңгерген батыр, елін қорғаған намысты ер болулы. Байлық пен билікті катар ұстап, бұл күнде табанды еддің бетке ұстары болып отыр.

Тойдың ең қызған сәті палуандар белдесуі, алтынқабак, ат жарысы, ақындар айтысы мен күй сайысы екен.

Ағайынның тойына Шопан атаның палуан ұлы Шырдабай қатысып, той иесінің бас бөйгесін алса, күй сайында жастығына қарамастан ойдағы-қырдағыға аты мәлім, берісі Нарығн мен Бүйрек, Жайық бойына таныла бастаған дәулескер күйші Алдонғар қатысып, арнаулы сыйлыққа ие болыпты.

Алдонғар жасынан өнерлі боп ости. Ел ішінде дәстүрлі күй тарту шеберлігін қалыптастырған дәулескер күйші. Жас күйші елді айтулы аңызымен де, сазымен де тебіренткен "Нар идірген" күйін ерте заманнан халық ұғымына сінген дәстүрге сай орындастын.

Ертеден келе жатқан ұғымда қазақ пен ноғайдың жаны мен қаны аралас қарындас халық болулы. Бір ананың омырауын телі емгендей, Еділ мен Жайықтың сұын қатар ішіп, шалғынына малын қатар жайған. Такқа таластың кесірінен Алтын Орданың берекесі кетіп, жұртында Сарайшықты астанасы етіп Қажы-Тархан хандығы калады. Халқының қамын ойлаған Асан Қайғы, Қазтуған, Қарт Ноғай секілді күйші-жыраулар зарлы күй төгеді, шерлі жыр толғайды. Содан калған "Ноғайлының зары" атты күйін, Асан Қайғының "Ел айырылған", Қазтуғанның "Сағыныш" атты күйлерін орындастын.

Тәжен ақсакалдың өнгімесінен аңғарғанымыз, Алдонғар орта бойлы, мығым денелі, кеуделі, күй тартқанда оған елтігені сондай домбыраны қамырдай илейтін, сағағымен де, шанағымен де сөйлете алады. Өзі шығарған күйлері көпке дейін тартыльп журсе де, бізге жетпеген.

Бір ерекшелігі, Құрманғазының бізге аты ғана мәлім, өзі жетпей қалған "Кызданайдың жүрісі", "Кызданайдың күлкісі", "Кызданайдың айдай келбеті", "Шайсандық" атты күйлерін шебер орындалты дегенді Тәжен ақсакалдан да,

өзге қариялардан да естігенбіз. Шопан ақсакалдың егіз ұлы Алдоңғар мен Шырдабай әкеден калган мұра байлықты бөліспей тен ұстаған, еншісі бөлінбестен үл-қыздарын бірге төрбиелеген. Алдоңғар Үсық руының атақты байының қызы Шарқатқа үйленген. Одан Ағыс, Жібек, Ілия есімді қыздары, Төжіғара есімді ұлы болған.

Шырдабайдың зайыбы Лекер мен Алдоңғардың өйелі Шархат бір үйдің қыздары еken. Үсықтың Ақсары-Асан-Мәмбетәліден тарайтын Шүйініштің қыздары. Одан Есенкелді, Жаксыкелді, Бактыкелді, Жайылмыс, Мырзаш деген елге танымал агалары болған. Нагашы жұртын қадірлейтіндігі сондай, Шашпан көкеміз өзінің немерелеріне Аманкелді, Мағауия, Тимурдың балаларына нагашыларының есімдерін қойған.

Лекер әжеміз бойлы-сойлы, келбетті әрі сөзге шешен, текті жердің қызы болғандықтан, ағайын-туыстың арасында көрегенділігімен беделді болыпты. Шырдабайдан Жұмаш, Жұмағазы, Тенізбай, Баймолда, Тымықбай, Шашпан атты ұлдары өрбіген.

Жем мен Ойыл бойы жайлаудың шүйгінін жайлап, қыска қарай теңіз жағасының жылы ойы мен қалың камысты ықтасынына, қопаныш қалың нұлы, саздың камыс-кұрағы, ойдың кара сорасына ойысатын көрінеді. Атадан өкеге, одан балаға калған шаруаны күйттеген дәuletті ауылдың қыстаған қыстауы мен малын каптаткан өрісінің атауы бүгінде елінің есінде калыпты. Кейбір құжаттарда жер атауының есімі беріліпті. Қарсақтың теңіз жақ беті "Шырдабай қыстауы" деген атаумен топографиялық картаға (осы кітаптың форзацын қаранды) белгіленсе, Құлсары жақ қырында "Шырдабай жалы" деп аталатын, ұзын өрісті жалдың аумағын біз аралаған қариялар мен кешегі кеңес заманында шаруашылықты басқарған азаматтар ел ішіндегі аныз өңгімелерден сыр шертті. Осы жерді бала қунінен мал бағып жайлаған Жұмабек Оразбайұлы 81 жаста, 1955 жылға дейін мал бактым дейді. "Атам Көпболсыннан 600-ге тарта кой, 40 шакты түйе, 2-3 үйірлі жылқы қалды. Әуелі атамды кәмпескеге іліктіріп, кейін райисполкомда бір жанашыр адам атама айтып, малды үш атаққа бөліп жаздырыпты. Мыңғырған мал атам Көпболсынға, әкем Оразбайға, ағам Қопанға бөлінген ғонордау берілді" деп пігіп, ірі байлар

тізімінен тыс, кәмпескеден аман калыпты. Мен ес білгенде осы жерде ағам Қопанның қасында өкемнен калған малды бақтым. Сонда ана көрініп тұрған биік төбені "Шырдабай жалы", алдында терең өзек болушы еді, оны "Шырдабай өзегі" дейтін, біз есекпен мал бағатынбыз", — деді.

Төбенің басында картада көрсетілгендей, әуелі ағаштан, кейін темірден жасаған биік мосы ағаш (репер) бол атын. Түбіне цементтен құйылған арнаулы орында картада көрсетілген координаттарды байқадык.

XX ғасырдың басында, 1902 жылы ұзаққа созылмаған ауыр науқастан Шырдабай атамыз: "Қатын калса бай табар, бала калса мал табар, көріп жаңым кайда барыш жәй табар", — деп, киналып жатып атадан калған дүниені, өзінің барлық әuletін, үрпағын кіндіктес сыңары Алдоңғарға аманаттапты. Замана көші қашанда қындықсыз, қайғы-қасіретсіз, тауқыметсіз болған ба?

Дәстүрімізде "жұт жеті ағайынды болады", — дейді. Олар: жұт, куандылық, зілзала, індет, сел, өрт, соғыс; және содыр — сегіз, салақ — тоғыз, олақ — он, жалқау — он бір, корқақ — он екі. Ел ішіндегі көреген есепшілер табигат салдарынан болатын жетеуін "апат", адамның бойында кездесетін бес жаман қасиетті "кесапат" дейді. Тілімізде тағдырдың мандайга жазғанының қаһарына ұшырағаннан болған қырғынды "нәубет", ел басқарған адамдардың халыққа істеген зұлымдығынан болғанды "зұлмат" дейді.

Аталарымыз өмір кешкен ғасыр басында халықты қүйзелткені жұт пен індет еді. Жұт табиғаттың тез күбылуынан, әсіресе, қыс мезгілінен ерте түсіп, калың кар мен мұздактың жаууышан, кар аралас жаңбыр мен қатты аяз сокқаннан кейін болатын табиғат апаты. Не болмаса ұзак күндерге, айларға созылған бораннан малдың, жанның қырылудын болған апатты "жұт" деп атаған. "Індет" жүқпалы аурудан болған апат.

Осындай нәубет жылдар біздің елімізде де жиі болып тұрған. Шырдабай дүние салған соң үш жылдан кейін жазғы жайлауға шығып, көшіп келе жатқан ауылдың жұрты індетке шалдығады. Дәріжан әженің әңгімесіне Караганда, қонып шыққан ауыл жұртында індетке ауыл адамдары жиі шалдыққан соң көшіп кеткенге үқсайды. Жол бойында дерте шалдыққан Алдоңғар атамыз арбаның екі жағынан да

құсып келе жатады. Жақын мандағы ауылдың тұсында төбеге қонып тыныс алады. Дерптің өбден мендегенін сезген өзінің кіндікtesінің жұбайы Лекерге: "Өлі болсам жебермін, тірі болсам сыйлармын, екі дүниеде де сенің ғана қолыңдан алармын, менің артымдағы үрпагым, әuletім, ата-бабаның дәuletін өзіңе аманаттадым. Элі бауырын көтеріп үлгермен жалғыз үл — Тәжігара өзіңе аманат, бауырыща бас, кенже ұлың болсын, бар әuletімді саған тапсырдым", — деп барып, бақылық сапарға аттанады.

Лекер анамыз қажырлығы мен қайраттылығын, көрегенділігі мен көсемдігін танытыш, жастай калган, өрімдей үлдары мен өріктей қыздарын өнегелі елдің үлдарына үзатады. Замана ағымы, халқының басына түскен неше бір нәубетті де зұлматты корді, көтерді, үлдарын кайыспас ер қылыш өсірді, қыздарын кияға ұшырды.

Аманат. Казак дәстүрінде ең бір қиналған сэтте өзінің кимасының болашағын аманат еткен сенім. Қазак "аманатқа киянат журмейді", — дейді. Көргенді елдің перзенттерінің басты шарты көрегенді атану, не нәрсе болса да, көз жеткізу, иландыру, шындық пен әділдіктен, ақиқаттан айнымау, берген антына берік болу, аманатка борышты болмау.

Бірде жазғы жайлауға Ойылдың бойымен көшіп бара жатып, Кете ауылына түсіп, азырак дәмдес-сыйлас бола отырып, ауылының қыздарына тәнті болжыты. Төрбие мен тәлімді көшкен елдің жұртының от жаккан ошагына қарап таныш, бата беріп отыратын халқымыз "Аяғын көріп асыш іш, анасын көріп қызын ал" деген макалды тегін айтпаса керек.

Ағайынның татулығы, отбасының бірлігін, үрпақтың ұлағатты бол өсуін ата-бабаларымыз болашақ ана болар қыздарының бойына жасынан кальпастырыш отырғаны белгілі.

Дәріжан шешеміз келін бол түскенде тіккен алты канат ак үй, баскүр, желбау, түкті кілем, иық ішік, құндыз жағалы макпал тоны күні кешеге дейін сақталған. Оны шөберелеріне керсетіп келеді.

Кезінде ажарлы, артық сөзі жоқ, әңгімелерінің өзінен бітімшіліктің, үлкенге ұлағаттың, кішіге ілтиппаттың лебі есіп тұратын тәрбиелі ана, мінезге бай, адамды өзіне тартып тұратын кеңпейіл, әңгіме арасында еске сақтау қабілетінің ерекше екеніне көз жеткіздік.

Халық аузында "Сырлы аяктың сыры кетсе де, сынды кетпейді", — деп тегін айтылмаған. Марзия апай: "Дәріжан анамызды біздің ауылдың адамдары "келіншек" деп атаушы еді, сүйтсем ол кісінің ерекше әдемілігіне, айналасына шуагын шашып тұратын ілтипатьна қызығады екен", — деуші еді.

Халық болашағын өз үрпағынан күткен, сол арқылы өuletтің үрім-бұтағын жалғастырушы үрпакқа үміт артқан. Арманың аманаттаған. Үрпак арқылы елінің, ұлтының, Отанының болашағын ойлаган. Сол сенімнің көзі — аманаты аналарға жүктелген.

"Алты баласы бардың арманы бар ма?

Бес баласы бардың тендік алмай калғаны бар ма?

Торт баласы бардың сөзінің жалғаны бар ма?

Үш баласы бардың әлім, берім әлі бар.

Кеудесінде өкпе-бауыр, жалы бар.

Екі баласы бардың шақ қана халы бар.

Бір баласы бардың шығар-шықпас жаны бар,

Баласы жоқтың кандай сәні бар?", — деген е л аузында атам заманнан бері келе жаткан осынау ұлағатты сөз — халқымның даналығы. Баласы көп болған өuletтің арманы аскак, аманаты биік, балаларының тәлім-тәрбиесін ойлаған ата-ана үрпағының алдында мейлінше шыншыл, тәубасын, имандылығын, пәктігін сактайды, үрпағының келер заманың талап деңгейінен төмендемеуін армандайды.

Ата-бабасының салт-дәстүрін, тілін, білігін аманаттайды. Арман-максаты да ұлы дүбірлі мына жалған дүниеден өзі көрген кер заманың азабынан ада болуын тілейді.

Әңгіме барысында осындағы түйінді ойға токталдық. Откенге салауат айтып, бүгінгі өміріне қанағат қылып отырған Марзия апай Шашпанқызы, өзінің айтуынша, Жұмағазы атасының бауырында өсіп тәрбиеленген. Бұл өuletтің салты солай қалыптасқан.

Ағайындылардың, абысын-келіндердің достығы мен ынтымағы жарасқандығы сондай, бірінің ұлын-қызын бірінің бауырына басып тәрбиелеп өсіреді. Бұл да болса Лекер әжелерінің калыптастырған өнегесі.

Марзия апайдан қазірдің өзінде қанынан дарыған тектіліктің, өдептілік пен әдеміліктің лебі есіп тұрғандай. Ол сөз арасында:

— Менің шешем Злиман— Жұмағазы көкемнің жолдасы. Жұмағазы елде атакты етікші де, анамыз Злиман тігінші болды. Күміспен зерлеген камзол-бешпет, қос етек көйлек тігетін. Сол шеберлігімен алты алашқа атағы шықты. Злиман анамыз кезінде Гүлжан мен Сараның серігі болған, араласқан, сұлулығы мен сыпайылығын, іскерлігі мен инабаттыльпыш бағалаған ел-жүртка "күміс шақша" атанған еді, - деді.

— Кай Гүлжан, Сара? — деп сұрадық.

Доссорда шай күяды Гүлжан, Сара,
Гүлжандай бола бермес қыздың бәрі.
Жігіттің еш арманы болмас еді,

Гүлжандай сұлу болса алған жары, — деп айтатын халық әні бар емес пе еді, сондағы Гүлжан, Сара, — деді Дәріжан әжеміз. Өзі Шумақ Шеркештің қызы.

Жанжұма, Күміс, Гүлжан, Сара деген төрт қыз болып өскен көрінеді. Гүлжан Шарға Таз Дошымбеттің Оразымбетінің өйелі көрінеді. Балалары болған-болмағанын білмеймін. Гүлжан да, Сара да сұлу да өнерлі әнші болған. Казактың әйгілі өнер зерттеушісі Ілия Жакановтың еңбегіне сүйенсек, Доссорда Гүлжан, Сара өзінің шағын үйіне табыс табудың көзіне лайыктап шайхана ұстаған дейді айтушылар. Шайхананың бір бөлмесін Доссор кәсіпшілігінің билеушілері ағылшындар мен орыстарға арнап европа салт-дәстүрімен безендірсе, екінші бөлмесіне казақы дәстүрге лайыктап кілем мен текемет жайып, дөңгелек шәй столында отырып тамақтануға лайықтаған екен. Гүлжанның шайханасы алғашында үлкен жолдың үстінде базаршылап келе жатқан жүргінші-жолаушылардың сәл аялдан демалатын, аяқ сұбытып, тамактанатын жері болған да, кейін жүрттың көп жиналатын орнына айналған, неше түрлі байлар да, саяхатшылар да, сал-серілер де осы үйден табылатын. Кезінде орыстар "харчевник" деп атаган екен. Эрине, мұндай "харчевники" Үйшікте де, Жылъой қалашығында, Көкжарда болғанын көнекөз кариялар айтып отыратыш. Солардың ішінде ауыздан-ауызға тарап, халықтың өніне айналып кетуіне Гүлжан мен Сараның ерекше өзіндік қасиеті, әдемілігі, әдептілігі, сыпайылығы лайық болған. Өздерінің қасында бірнеше қыз-келіншектері болған. Ойылдың Көкжар, Орынбор жөрменкелеріне аты жайылған Гүлжан, Сара да базар-

дан орыс байларының, татар totashtarynyң киетін сәнді киімдерін, биік өкше етік, бұлғын жаға, кәмшат бөркін алдырғаны мәлім.

Осы өuletтің ең үлкені — Жұмаш. Әкелері дүниеден өткенде он алты жаста еken. Анасы Лекерге көмекші болып, өзінен кейінгі қылқандай інілері мен қарындастарына қамқорлық жасап көмектеседі. Ел ішінде кайта айналыш соға беретін жұт ғасыр басында тағы қайталанып, қыс қатты болып, ел-жүртты тағы бір жұтатты. Жем мен Ойыл бойында жұтап қалған байлардың ауылы көп болды. Жұмаш көкем палуан денелі, бір өзі үлкен өгіздерді аударып жыға беретін болған, ақсары бетінен мейір нұры төгілген ізгі жан еді. Ағайын-туыстарына қамқоршы. Сонау ел басына екі талай күн туып, елдің малын жинап, халықты аштық қырғынға үшыратқан "солакай саясатшылардың" жаңалық ашқан жылдарында да, көкем өзіне караган барша ағайын-тумамен Доссор жактағы бір көлдеудің жағасына тары егіп, күзде одан көп өнім альп, ағайын-туыстарын аштықтан аман альп қалған-ды. Доссорда жұмысшыларды жабдықтау бөлімінде жұмыс істеді. Анасы жақсыны жатка жібермейін деген шығар. Таз руының ішіндегі Жастабан атасынан бөлінетін елге сыйлы, мұсылманша оқып білім алған, қажы атанған Тілепімен күда болады. Осы ауылдан бір шаныракқа бір үйдің екі қызын келін етіп алған.

Тілепінің қызы Жібекті Жұмашқа атастырса, Шашпан-ның алғаны Казына да сол кісінің қызы. Жұмаш жасынан Ойыл өзенінен балық аулайтын байларға жалданады, өзінің бойына өнер дарыған ұста. Ағаштан түйін түйген шебер. Ат әбзелдерін былғарыдан, күмістен жасаса, ағаштан оюлап жасаған ер, домбыра, аса таяқтары әлі күнге дейін шөберелерінің үйінде сактаулы. Ол әрі шебер домбырашы еken. Ірі денелі, ақсары келбетті атамыз домбыра тартып отырганда шап-шагын боп калушы еді деп еске алады. Біздің бала күнімізде жын-тойларда, сайлау өтетін күндері клубта мерекедегідей халық көп жиналады. Жұмаш көкем өзі солакай, күйдің мазмұнына берілгені сондай, домбыра тартканда түйғындаій боп қалатын. Біз естіген күйлеріміз Күрманғазының "Кішкентай", "Төремұрат", "Қыз-Данайдың қырғыны" деп орындаітын күйлері еді.

Құрманғазының “Қызданайдың күлкісін”, “Қызданайдың жүрісін”, тағы басқа күйлерді бабына келтіріп орындаштын. Қүрекенің бұл күйі кезінде қағазға түспей калған екен. Естуімізше, Құрманғазының “Төремұрат” күйінің тарихынан өрбитін әңгіме тым ұзак. Ұзак та болса тәлімді екенін білеміз.

Құрманғазы Кең Жылъой жеріне нағашылап барып, Таздың батырлары Төремұрат, Нарынбай, Өтендермен танысып, біраз уақыт дәмдес болады.

Төремұрат Таз руынан шыққан айтулы батыр, елін, жерін қорғаған абзал азамат. Сол Таз руының атақты қызы Данай сұлуды ел-жұрты келісті келбетіне, жанынан шуақ шашып тұратын лебі мен мейіріне қарап, “Қызданай” атаган.

Қызданай жасынан айттырган жері болса да, Төремұрат батырмен көңіл қосады. Ел арасындағы дау-жанжал аяғы қақтығыска айналады. Осы окиғаға арнап Құрманғазы өзінің шоқтығы биік “Төремұрат” күйін шығарады. Ел ішінде бұл күй “Қызданайдың қырғыны” деп орындалатын. Міне, Жұмаш көкем осы күйді бар нөшіне келтіре орындаштын, сонымен қатар “Қызданайдың күлкісі”, “Қызданайдың жүрісі” атты күйлерді де орындаушы еді деп еске алады.

Күй мазмұны тұныш тұрған қылышты қыздың келбетін елестетеді. “Қызданайдың қырғыны” күйін тартқанда Жұмаш көкем ерекше жігерленетін. Аттардың дүбірі, мылтықтың дыбысы, алма-кезек айқасқан ақ найзалардың тарсылы құдды бір кең даланың төсінде жан берісіп, жан алыскан соғыс көріністерін көз алдыңызға елестеткендей болушы еді. Көкем бізді кезектестіріп тізесіне отырғызып алып, күй тартатын, — деп Мәрзия апай әңгімесін одан әрі сабактады. Домбырасын қолынан тастамаған. Ел ішінде Құлшық жыршымен бірге жүрген, жын-тойларда күй тартып, бір кісідей күреске түсіп отырган.

Көзі тірісінде әңгімешіл, сөзге шешен, ел-жұртты аузына қаратқандай әңгіме айта біletін адам еді. Сол кездегі Жаманқалада Жасан ағайдың үйіндегі бір отырыста есектің төлін не деп атайды деп сұрағанда, атамыздың “күре” дегені есімде. “Ақсақ құлан” күйін тарта отырып, күйдің тарихын тындаушыларына терең толғаныспен жеткізетін. Жошы ханның баласы аң аулап жүріп, қапияда мерт болады. Ел